

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ



Қымбатты отандастар!

Бүгінде бөріміз коронавирустың жаһандық пандемияға ұласқанына куә болып отырмыз.

Қазір вирус жер шарындағы 155-тен астам мемлекеттің, соның ішінде Қазақстанның да аумағына таралуда. Індеттің географиялық өрісі үздіксіз кеңейіп, құрбандарының саны да өсіп келеді.

Бұл жағдайды халықаралық экономикалық дағдарыс – шикізат, валюта және қаржы нарықтарының құлдырауы ұшықтыра түсуде.

Мұның бөрі біздің елді де айналып өтпейтіні анық.

Басқаша айтқанда, біз қазір «дүлей дауыл» деп сипаттауға болатын үлкен қауіп-қатер алдында тұрмыз.

Шешу жолдарын табу тұрғысынан күрделі боп отырған қазіргі ахуал бір жағынан 1990-шы жылдардың басындағы жағдайға ұқсайды.

Ол кезде біз шын мәнінде өте қиын жағдайда болған едік.

Осындай ауыр кезеңде мен барлық қазақстандықтарды ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Үкімет тарапынан іске асырылып жатқан шұғыл шараларды қолдауға шақырамын.

Ел билігі коронавирустан қорғану үшін оның алдын алуға бағытталған кешенді шаралар қабылдады.

Бұл ретте төтенше жағдайдың жариялануы – маңызды және қажетті қадам.

Ондағы мақсат – біздің азаматтарымыз бен мемлекетіміздің мүддесін қорғау.

Қазір коронавирустан инфекциясының залалын азайту және экономиканы тұрақтандыру жөніндегі арнаулы штаб жұмыс істеп жатыр.

Азық-түлік пен ең қажетті тауарлардың, медициналық мақсатқа арналған заттардың тапшылығына жол бермеу үшін барлық жағдай жасалуда.

Мемлекеттің өлеуметтік міндеттемелерінің бөрі де орындалуда.

Елдегі құқықтық тәртіп қамтамасыз етіліп отыр.

Отандық кәсіпкерлерге, шағын және орта бизнеске жан-жақты қолдау көрсетіліп жатыр.

Жұмыс орындарын сақтауға барынша күш салынууда.

Мемлекеттік деңгейде қабылданып жатқан шаралар қазіргі қиын ахуалға

сай дер кезінде қолға алынды.

Мен мұны толық қолдаймын!

Сонымен қатар, қазіргі дағдарыс ұзағырақ уақытқа созылар болса, Үкімет оған қарсы шаралар әзірлеуге тиіс.

Ондай жағдайда елімізді және азаматтарымызды қатаң үнемшілдікке, кешенді орнықты даму бағдарына шығуға дайындау керек.

Құрметті қазақстандықтар!

Дана халқымызда «Кемедегінің жаны бір» деген ұлағатты сөз барын білесіздер.

Осынау сын сағатта ортақ істен ешкім де сырт қалмауға тиіс.

Біріншіден, Үкімет бюджет саласы қызметкерлерінің, студенттердің, шағын және орта бизнесінің ауыртпалығын жеңілдету бағытындағы нақты қадамдарын жария етті.

Бірақ тек қана мемлекеттің күш-жігері жеткіліксіз болады.

Зауалды еңсеру үшін басқа да қосымша ресурстарды жұмылдырған жөн.

Әрбір азамат өзінің қолынан келетін үлесін қосуға тиіс.

Мен бұл қиын кезеңде ел-жұртқа көмектескісі келетін және жәрдем бере алатын адамдардың қаражаты жинақталатын Республикалық қор құруды ұсынамын.

Осындай жағдайда бұрынғыша отандық ірі кәсіпорындар да қолдауын көрсетеді деп сенемін.

Ондай қорларды әрбір облыс орталығында және республикалық маңызы бар қалаларда құру қажет.

Ол жұмысты тиісінше сол жерлердің өкімдері жүзеге асырғаны дұрыс.

Бүкіл халық, қалың ел, жалпақ жұрт болып жұмылуудың жарқын үлгісі мен тиімділігін біз Арыс қаласын апаттан кейін жедел қалпына келтірген кезде көрсеткен едік.

Екіншіден, мен қазірдің өзінде ұлттық бизнес өкілдерінің ел-жұртқа көрсетіп жатқан көмегі үшін ризашылығымды білдіремін.

Мұндай мәрттік жалғасын тауып, оған қосылатын бизнес өкілдерінің саны көбейе түседі деген үміттемін.

Компаниялар иелері өздерінің қол астында еңбек етіп жүрген жандарға қаржылай да, моральдық тұрғыдан да жәрдемдеседі деп сенемін.

Мәселен, уақытша демалысқа жіберуге мәжбүр болған жағдайда

еңбеккерлерді ақылы жұмса босатқан немесе қысқартылған тұрмыс кестесіне көшкен абзал.

Отандық бизнес өкілдерін жалдамалы қызметкерлерді жұмыстан шығармауға шақырамын.

Сіздер жұмыс орындарын сақтау арқылы қоғамға қамқорлықтарыңызды көрсетесіздер.

Еліміздің кен өндірісі мен шикізат ресурстарын өңдеу және өнеркәсіп саласындағы ірі инвесторлар да Үкіметпен, өкімдіктермен бірлесіп отырып, өздері жұмыс істеп жатқан өңірлердің тұрғындарына қолдау көрсетуге тиіс.

Қиындықта қол ұшын беру – игі дәстүр, халқымыздың қанында бар, бойымызға сіңген асыл қасиет.

Үшіншіден, қазіргі уақытта ең әуелі аса мұқтаж жандарға көмек көрсету керек.

Менің тапсырмаммен «Nur Otan» партиясының жолбасары аясында 150 миллион теңге бөлінді.

Бұл қаражат карантин жарияланған Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы өлеуметтік жағдайы төмен азаматтарға атаулы көмек көрсетуге жұмсалды.

Коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу үшін менің шешіммен Тұңғыш Президент Қоры есебінен тағы 200 миллион теңге бөлінді.

Жалпы, коронавирусқа қарсы күреске арналған қаражаттың дұрыс жұмсалыуы «Nur Otan» партиясы бақылауында ұстайды деп ойлаймын.

Төртіншіден, үлкен кісілерді, балалар үйі тәрбиеленушілері мен арнаулы ауруханалардағы науқастарды қажетті заттармен үзбей қамтамасыз етуге баса көңіл бөлген жөн.

Еліміздің көмекке мұқтаж әрбір азаматына қамқорлық көрсетілуге тиіс.

Қазақстандықтар қиын кезеңдерде әрдайым бір-біріне жәрдемдескен.

Бұл іске еріктілер қозғалысының өкілдері де атсалысады деп сенемін.

Бесіншіден, біз пандемиямен күрестің «алдыңғы шебінде» жүрген дәрігерлер мен медбикелерді, құқық қорғау органдары мен ескері қызметкерлерді қолдауымыз керек.

Олардың ығына ауыр жүк түсіп, зор жауапкершілік артылып отыр.

Жұртшылықтың оларға көмектесіп, түсіністік танытуға және барлық

нұсқауын жауапкершілікпен орындауға тырысқаны жөн.

Қадірлі отандастар!

Біздің бірлігіміз – қазіргі қиындықты еңсерудің кепілі.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында бұдан да күрделі кезеңдерді бастан өткердік.

Барлық ауыртпалықты жеңіп, әрдайым ортақ Отанымыздың гүлденуі жолында еңбек етіп келеміз.

Осы жолғы сынақты да ел болып еңсереміз деп сенемін.

Қазақстанның жолы қиындықсыз болмайтынын мен тәуелсіздіктің бастапқы кезінде-ақ білгенмін.

Бұл ретте тарих пен уақыт біздің жоспарымызға өзгерістерін енгізетінін ескерген едім.

Жайма-шуақ кездердің өзінде де біз алдымыздан шығуы мүмкін сын-қатерлерге дайындалып, алмағайып уақыттарда қажет болатын резерв қалыптастырдық.

Жинақталған алтын-валюта қоры мен Ұлттық қор қаражаты әрдайым біздің қабылдаған шараларымыз бен жалпы ұлттық экономиканы қолдауға септігін тигізді.

Қазір осы күрделі ахуалдан шығу үшін Қазақстанда барлық қажетті ресурс бар, қор да жеткілікті.

Бұл – біздің «Алдымен экономика, сосын саясат» қағидатына негізделген бағыт-бағдарымыздың нақты нәтижесінің бірі. Жаңадан мемлекет құру оңай емес, ал оны сын-қатерден қорғау және тәуелсіздікті сақтап қалу одан да қиын.

Бізге тәжірибе де, нақты іс-әрекет алгоритмі де бар.

Мен ұлтты ұйыстырудың, бірлік пен қоғамдағы келісімнің маңыздылығын үнемі айтып келемін.

Тұтастығымызды тағы бір рет дәлелдейтін күн туды. Еліміздің барлық азаматтарын тәзімділік танытуға, мемлекет қабылдап жатқан шараларды қолдауға шақырамын.

Бірлік барда алынбайтын асу жоқ. Келе жатқан Наурыз мейрамы – біздің бірлігіміздің нышаны.

Шауақты мереке қарсаңында әрбір шаңыраққа шаттық пен игілік тілеймін! Барлық ауыртпалық бізді айналып өтпейді.Қазақстан бұл қиындықты да еңсеріп, дамудың жаңа кезеңіне аяқ басады деп нық сенемін.

Біз біреміз!

ҚОНАҚТЫ АУРУДАН АРЫЛҒАСЫН ШАҚЫРАЙЫҚ!

ӨЛЕМДІ ЖАЙЛАҒАН ІНДЕТ БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДІ ДЕ АЙНАЛЫП ӨТПЕДІ. КҮН САНАП НАУҚАСТАРДЫҢ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ.?

Елемеген аурудың, ескермеген даудың жаман екендігін тарихтан жақсы білеміз. Бірақ, біз бейқамдықтан өлі де арылмай отырмыз. Тойымыз, садақамыз бар еді деп өкімдіктің есігін қағып, қоңырау шалушылар өлі де бар. Бұл бір марқұмның асын беріп, кемінде үш жүз адамды сондай қауіпке душар ету деген сөз. Аурудың қадірін сау ұлпастың керін кешудің қажеттілігі жоқ. Түрлі жиындарға тыйым салынды! Тыйылмасак зардабының да ауыр соғатындығын ескерейік! Сол себепті, көпшілік орындардан барынша аулақ болайық, сапарға шығуды да тоқтата тұрған жөн. Мейілінше, үйде болуға тырысыңыздар. Құда күтіп, қонағасы беруге коронавирусты жеңген соң да үлгерміз, барлық шараларды кейінге қалдырсаңыздар өзіңізге де, өзеге де зияныңыз тимейтін болады. Сонымен қатар, азық-түлік тапшылығы туындайды деген ақпарат жалған! Дүрбелеңге салынып, қапшықтап азық-түлік сатып алудың да қажеті жоқ. Өнім ұсынатын дүкендер өз жұмысын қапыпты жағдайда жалғастыра береді.

Сәрсенбай АМАҢҒОСОВ,
Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ: ТОЙ ТОЙЛАЙТЫН КЕЗ ЕМЕС!

Елімізде дүниежүзін дүрліктірген коронавирустың қауіпіне байланысты төтенше жағдай жарияланды. Төтенше жағдай кезінде адамдардың көп шоғырланбауы керектігі анық айтылған. Бұл жағдай отау құрып жатқан жастар үшін тойын жасауға қолайсыздық тудырғанымен, қауіпті індеттің алдын-алу ел қауіпсіздігі үшін маңызды. Сондықтан, мен де төтенше жағдайға байланысты тойымды кейін жасауға келістім. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» - деген қазақтың бірі болғандықтан тойға ерте қамданып, қажетті заттардың бәрін алып қойғанымызға қарамастан тидей өткізбегуге жергілікті билік өкілдері кеңес берді. Біз ай-хойлап, той-тойлап келе жатқан ел болған-

дықтан үкіметтің мұндай кеңесі бір қараған адамға ыңғайсыз болуы мүмкін. Алайда заң баршаға ортақ қаралған. Тіпті садақаларда да адам көп жиналмау керек дегенді естіп, шүкіршілік қылдым. Тойға арналып алынған азық-түлікті кейін қарай тапсырдым. Қазіргі таңда менің үйленетінімді естіп, бәркін аспанға атып қуанып жүрген құрдастарыма, жақсы жаңалыққа жылы ниетпен шаттанып жүрген ағайын-туыстарыма, сондай-ақ дәл мен сықалды шаңырақ көтергелі жатқан жастарға айтарым, біз бөріміз бірігіп, дүниені дүрліктірген қауіпті індетті тоқтатуға бір кісідей ат салысайық!

Серік ТӨЖДАУОВ,
Көсембай ауылы.

ИСЛАМ ДІНІ - ҚАУІПКЕ ЖОЛ БЕРМЕУДІ ЖАҚТАЙДЫ!

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ассалаумағалейкум, құрметті аудан тұрғындары!

Бүгінде коронавирус жұқпалы дерті өлем жұртшылығын алаңдатып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өлемді шарпыған жұқпалы дертті пандемия деп жариялауына байланысты Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2020 жылдың 16 наурызынан бастап 30 тәулікке төтенше жағдай енгізілді. Алла Тағала адамзат баласына: «Өз-өздеріңізді қауіп-қатерге тікпендер», - деп ескерту жасаған («Бақара» сүресі, 195-аят). Әмір Алла Тағаланың берген аманаты. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сөлемі болсын) жұқпалы ауруға байланысты: «Науқас кісі дені сау адамға жақындамауы тиіс», - деген (Бухари, Муслим).

Мұнымен қоса шариятта «Өзіңе де, өзеге де зиян келтіруге болмайды» - деген қағида бар. Ислам діні кейбір ғұбадаттарды қауіпті жағдайларда уақытша тоқтатуға рұқсат береді. Мысалы, адамның өміріне, денсаулығына, мал-мүлікке, бала-шағасы мен отбасы мүшелеріне өлдебір залал тиегін болса, шариятымыз

оның мешітке келіп, бес уақыт намазды жамағатпен оқуын, тіпті жұма намазға қатысуын міндеттемейді. Осы ретте құдайы ас беру, садақа беруді (жетісі, қырқы, жүзі т.б.) айта кеткені жөн. Қазақ халқында өу бастан марқұм адамның атынан ас беру, садақа беру дәстүрге айналған. Жалпы ас беру шариятымызда ерікті амал. Яғни берсе сауап, бере алмаған жағдайда еш өбестігі жоқ. Дінімізде марқұм адамның алдында төрт міндетіміз бар екен айтады. Олар: жындарды, көбіндеу, жаназа намазын оқу, жерлеу. Ал қалған амалдар - садақа беру болсын, қонақ асын беру болсын адамның өз ықтиярына қалдырады. Сондықтан барлығымыз бірдей бір кісідей болып осы дерттің таралмауына атсалысайық! Құдай «Сақтанғанды сақтаймын!» - деген.

Құрметті аудан тұрғындары! Баршаңызды сабыр сақтауға, орынсыз үрейленбеуге, Алла Тағалаға дұға етуге шақырамын. Әр қиыншылықтың артында екі жақсылық бар екенін ұмытпайық! Алла елімізге амандық, денімізге саулық бергей!

Нұрсұлтан СЕРІКҰЛЫ,
Оыыл аудандық мешітінің имамы.

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!

Коронавирус пандемиясына байланысты Қазақстан Республикасының Президенті елдің бүкіл аумағында 2020 жылдың 16 наурызынан 15 сәуіріне дейін төтенше жағдай енгізу туралы Жарлыққа қол қойды.

Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында 2020 жылғы 19 наурыздан бастап карантин режимі енгізілді.

Бірқатар шаралар мен уақытша шектеулер белгіленді. Оларды орындамау өкімшілік жауаптылыққа өкел соқтырады (ӘҚБТК-нің 462-бабы – 10 АЕК айыппұл немесе 15 тәулікке дейін қамаққа алу).

Төтенше жағдай кезінде билік өкілінің заңды талабына бағынбағаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделгенін түсіндіреміз (ҚК-нің 379-бабы – 2 мың АЕК айыппұлдан 2 жылға бас бостандығынан айыруға дейін).

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің 90-бабына сәйкес азаматтар медициналық ұйымдардың талап етуі бойынша тексеруден және емделуден өтуге міндетті.

Бас мемлекеттік санитарлық дерігердің 2020 жылғы 16 наурыздағы қаулысымен стационарлық және үй карантині енгізілді.

Оларды іске асыру мақсатында уәкілетті органдар эпидемиологиялық жағдайды қолайсыз елдерден келген адамдарды анықтау, оқшаулау және емдеу бойынша шараларды қамтамасыз етуде.

Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин тұрғындардың және меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

Алайда карантиннен жалтару, шетелге шығу туралы мәліметтерді және байланыста болған адамдар туралы ақпаратты жасыру фактілері бар.

Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында азаматтардан өткізілетін іс-шараларға түсіністікпен қарауды, Денсаулық сақтау министрлігі мен ІІМ қызметкерлерінің заңды талаптарын сақтауды, оларға инфекцияны анықтау мен алдын алуға көмек көрсетуді сұраймыз.

Полицияның осындай талаптарына бағынбағаны үшін өкімшілік жауаптылық көзделгенін атап өтеміз (ӘҚБТК-нің 667-бабы – 40 АЕК-ке дейін айыппұл немесе 10 тәулікке дейін қамаққа алу).

Сондай-ақ, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының нұсқамаларын орындамағаны (ӘҚБТК-нің 462-бабының 3-бөлігі – 500 АЕК-ке дейін айыппұл) және санитариялық ережелер мен гигиеналық нормаларды бұзғаны үшін (ӘҚБТК-тің 425-бабы – 5 млн теңгеге дейін айыппұл) өкімшілік жауаптылық белгіленген.

Бұл ретте кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты қызметін тоқтата түру түріндегі жаза қолданылуы мүмкін.

Егер мұндай әрекеттер абайсызда адамдарды жаппай жұқтыруға немесе адам өліміне өкпел соқса, онда қылмыстық жауаптылық туындайды (ҚК-нің 304-бабы – 2 мың АЕК айыппұлдан 10 жылға бас бостандығынан айыруға дейін).

Сонымен бірге шыныдаққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға және арандатушылыққа берілмеуге шақырамыз.

Ағымдағы жағдай туралы шынайы ақпарат уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми Интернет-ресурстарында орналастырылады.

АҚТӨБЕЛІКТЕР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТЕК ОНЛАЙН АЛАТЫН БОЛАДЫ

Коронавирус инфекциясының таралуын болдырмау және оқшаулау шараларын күшейту мақсатында карантин барысында еліміздегі халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысы уақытша тоқтатылды.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында мәлімдеді.

Қазақстандықтарға бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтердің 80%-ы электрондық үкімет порталы арқылы қолжетімді, сондай-ақ қажетті анық-

тамаларды eGov Mobile мобильді қосымшасы және телеграмдағы egovkzbot2.0 боты арқылы алуға болады.

ХҚО-ның ең тәжірибелі деген және арнайы оқудан өткен 1800-ден астам қызметкері 1414 байланыс орталығының кеңес берушілерімен бірге азаматтарға мемлекеттік қызметтерді онлайн түрде алу бойынша көмек көрсететін болады.

Бір уақытта байланыс орталығының мамандары мыңнан астам азаматқа кеңес бере алады деп жоспарлануда. Байланыс орталықтары дүйсенбіден сенбіге дейін таңғы 9.00-ден кешкі

20.00-ге дейін жұмыс істейді. Қоңырау шалу тегін.

Бұдан бөлек, Азаматтарға арналған үкіметтің 200-ден астам қызметкері бейнеқоңырау арқылы қызмет алушыларды мобильді азаматтар базасында тіркейтін болады.

Бұл ретте, 21 наурызға дейін өтініш беріп үлгерген азаматтар қызметтердің дайын нәтижесін өзі өтініш берген ХҚО-ның құжат беру секторынан алып кете алады.

Автомобильді қайта тіркеген немесе жүргізуші куәлігін онлайн түрде ауыстырған автокөлік иелері дайын құжаттар мен нөмірлерді өз

қалаларындағы мамандандырылған ХҚО-уан ала алады, онда да дайын құжаттарды беру терезесі жұмыс істейтін болады.

Дайын құжаттарды беру терезелерінің жұмыс тәртібі: дүйсенбі-жұма 9.00-ден 17.00-ге дейін, сенбі сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін.

Азаматтарға арналған үкімет қазақстандықтарға барлық санитарлық талаптарды орындап, үйден шықпауға кеңес береді және керекті мемлекеттік қызметтерді онлайн алуға шақырады.

Жақындарыңыз бен өзіңізді қорғаңыз!

«БАЛА ҚАБІЛЕТІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ – ОНЫҢ САУСАҚТАРЫНДА...»

“Байқаймысың? Байқаймысың? Мына ғажап тамашаны, Бір адамға байланысты, Бір адамның болашағы, Байыппенен көз жіберсең, Асау жылдар өрісіне Бір адамға байланысты, Бір адамның жеңісі де” –деп қалай тауып айтқан десеңізші! Мұқағали ағамыз. Біздің көз алдымызда тербиеленіп жатқан қаншама ерекше білімді қажет ететін балалардың болашағы, келешекте оның дұрыс сөйлеп кетуі де тікелей ата-анасына және арнайы мамандарға байланысты.

Ғалымдардың дәлелдеуінше, ағзаның барлық қозғалысына жауап беретін ми қыртыстарының үштен бір бөлігінің жүйке нүктелерінің кескіні алақан мен саусақтарда орналасқан екен. Сондықтан зерттеушілер алақанды екінші тіл деп атайды.

Баланың жалпы дамуында ұсақ-қол моторикасының алатын орны ерекше. Физиологиялық тұрғыдан айтқанда «ұсақ моторика» қолдың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысы. Ұсақ моториканы дамыту бұл ең алдымен сөйлеуді, тілді дамыту үшін керек. Себебі қолдың саусақ қимылдары мен сөй-

леу мүшелерін бақылайтын бастағы ми қыртыстары бір-біріне жақын орналасқан, қол саусақтарының қимылынан бастағы ми қыртысына импульс жібереді, осылайша оған жақын орналасқан сөйлеу аймақтары іске қосылады.

Өкінішке орай, соңғы кезде балалар арасында сөйлеу тілінің бұзылуы жиі кездесетін құбылысқа айналып барады. Біздің аудан үшін бұл дабыл қағатын жағдай оған дәлел – “психологиялық-педагогикалық түзетім кабинетіне” тіл мүксітігімен жолдама алып келетіндердің саны жыл өткен сайын артуында. Бұған бір жақты көзқараспен қарауға болмайды. Кейбір ата-аналар баланың тілі 3 жасқа дейін шықпаса бұл қалыпты жағдай деп қабылдап мен бермей жүре береді. Соның салдарынан зардабын бала тартады.

Сөйлеу тілінің бұзылуы баланың белсенді қозғалысының жетіспеушілігінен, соның ішінде саусақтың ұсақ моторикасының дұрыс дамымағандығынан болады. Бұрынғы кезде қолдың моторикасына арнайы назар аудармаған, өйткені балалар ерте жастан бастап үй жұмыстарына етене араласып, 5-6 жасынан бастап

қамырмен жұмыс істеп, дақылдарды тазалап, қоқым терген, оның үстіне таза ауада құммен, топырақпен де көп ойнаған, осылайша қол моторикасын арнайы жаттығусыз-ақ өздері дамытып жүрген. Қазіргі мына дамыған заманда тұрмысымыз жақсарды, уақытымызды үнемдейтін құрылғылар шығып, қол еңбегімізді барынша қысқартты. Алайда, таяқтың екі ұшы бар дегендей, осы тұрмысыз балаларға кері әсер етіп, қол моторикасының табиғи түрде дамуына шектеу қояды. Енді қол моторикасын арнайы түрде дамытуға мәжбүр болып отырмыз.

Үнемі инклюзивті білім саласында жұмыс жасайтын педагогтар қауымына өте ауыр және салмақты жауапкершілік жүктелген. Осы салмағы ауыр жүкті жеңілдету барысында көптеген жаңа технологияларды тауып оны қолдану жаңа заман талабынан туындап отыр.

Осы орайда сіздерге дефектолог маман ретінде өзімнің сабақ барысында қолданған, нәтижелі криотерапия әдісін ұсынымын келеді.

Криотерапия – заманауи, түзету педагогикасындағы технологияның бірі. Бұл технологияға мұзды пайда-

лану арқылы ойналатын ойындар тазалап, қоқым терген, оның үстіне таза ауада құммен, топырақпен де көп ойнаған, осылайша қол моторикасын арнайы жаттығусыз-ақ өздері дамытып жүрген. Қазіргі мына дамыған заманда тұрмысымыз жақсарды, уақытымызды үнемдейтін құрылғылар шығып, қол еңбегімізді барынша қысқартты. Алайда, таяқтың екі ұшы бар дегендей, осы тұрмысыз балаларға кері әсер етіп, қол моторикасының табиғи түрде дамуына шектеу қояды. Енді қол моторикасын арнайы түрде дамытуға мәжбүр болып отырмыз.

Үнемі инклюзивті білім саласында жұмыс жасайтын педагогтар қауымына өте ауыр және салмақты жауапкершілік жүктелген. Осы салмағы ауыр жүкті жеңілдету барысында көптеген жаңа технологияларды тауып оны қолдану жаңа заман талабынан туындап отыр.

Осы орайда сіздерге дефектолог маман ретінде өзімнің сабақ барысында қолданған, нәтижелі криотерапия әдісін ұсынымын келеді.

Криотерапия – заманауи, түзету педагогикасындағы технологияның бірі. Бұл технологияға мұзды пайда-



лану арқылы ойналатын ойындар тазалап, қоқым терген, оның үстіне таза ауада құммен, топырақпен де көп ойнаған, осылайша қол моторикасын арнайы жаттығусыз-ақ өздері дамытып жүрген. Қазіргі мына дамыған заманда тұрмысымыз жақсарды, уақытымызды үнемдейтін құрылғылар шығып, қол еңбегімізді барынша қысқартты. Алайда, таяқтың екі ұшы бар дегендей, осы тұрмысыз балаларға кері әсер етіп, қол моторикасының табиғи түрде дамуына шектеу қояды. Енді қол моторикасын арнайы түрде дамытуға мәжбүр болып отырмыз.

Үнемі инклюзивті білім саласында жұмыс жасайтын педагогтар қауымына өте ауыр және салмақты жауапкершілік жүктелген. Осы салмағы ауыр жүкті жеңілдету барысында көптеген жаңа технологияларды тауып оны қолдану жаңа заман талабынан туындап отыр.

Осы орайда сіздерге дефектолог маман ретінде өзімнің сабақ барысында қолданған, нәтижелі криотерапия әдісін ұсынымын келеді.

Криотерапия – заманауи, түзету педагогикасындағы технологияның бірі. Бұл технологияға мұзды пайда-

лану арқылы ойналатын ойындар тазалап, қоқым терген, оның үстіне таза ауада құммен, топырақпен де көп ойнаған, осылайша қол моторикасын арнайы жаттығусыз-ақ өздері дамытып жүрген. Қазіргі мына дамыған заманда тұрмысымыз жақсарды, уақытымызды үнемдейтін құрылғылар шығып, қол еңбегімізді барынша қысқартты. Алайда, таяқтың екі ұшы бар дегендей, осы тұрмысыз балаларға кері әсер етіп, қол моторикасының табиғи түрде дамуына шектеу қояды. Енді қол моторикасын арнайы түрде дамытуға мәжбүр болып отырмыз.

Үнемі инклюзивті білім саласында жұмыс жасайтын педагогтар қауымына өте ауыр және салмақты жауапкершілік жүктелген. Осы салмағы ауыр жүкті жеңілдету барысында көптеген жаңа технологияларды тауып оны қолдану жаңа заман талабынан туындап отыр.

Осы орайда сіздерге дефектолог маман ретінде өзімнің сабақ барысында қолданған, нәтижелі криотерапия әдісін ұсынымын келеді.

Криотерапия – заманауи, түзету педагогикасындағы технологияның бірі. Бұл технологияға мұзды пайда-

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ		
2020 жыл 13 наурыз	№381	Ойыл ауылы
Ойыл аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы		
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:		
1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Ойыл аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.		
2. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамда белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.		
3. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.		
Ойыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы С. Нұрбаев	Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы Е. Жиеналин	

2020 жылғы 13 наурыз № 381
Ойыл аудандық мәслихатының шешіміне қосымша

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНЫЛҒАН ШЕШІМДЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

1. Ойыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 27 «Ойыл ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемесін арттыру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4973 тіркелген, 2016 жылғы 14 шілдеде «Ойыл» газетінде жарияланған) шешімі;

2. Ойыл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 наурыздағы №161 «Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 7 маусымдағы № 27 «Ойыл ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы»(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-11-119 тіркелген, 2018 жылғы 13 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі аталондық бақылау банкіде жарияланған) шешімі;

3. Ойыл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 наурыздағы № 180 «Ойыл ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-11-127 тіркелген, 2018 жылғы 26 сәуірде «Ойыл» газетінде жарияланған) шешімі.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ		
2020 жыл 13 наурыз	№380	Ойыл ауылы
Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 24 желтоқсандағы №277 «Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы		
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:		
1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 24 желтоқсандағы №277 «Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4724 тіркелген, 2016 жылғы 26 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістермен толықтырулар енгізілсін:		
көрсетілген шешіммен бекітілген Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:		
8 тармақ келесі мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:		
«5) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларынажәне мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойыншаҰлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына жылу маусымының 7 айы ішінде (қаңтардан сәуірге дейін, қазаннан желтоқсанға дейін) коммуналдық қызметтерге 3 500 (үш мың бес жүз) теңге мөлшерінде.»,		
12 тармақта:		
1) тармақшасында:		
«100 000 (жүз мың)» сандарымен сөздері «500 000 (бес жүз мың)»сандарыменжәне сөздерімен ауыстырылсын;		
2) тармақшасында:		
«50 000 (елу мың)»сандарымен сөздері «100 000(жүз мың)»сандарыменжәне сөздерімен ауыстырылсын;		
3) тармақшасында:		
«30 000 (отыз мың)»сандарымен сөздері «50 000 (елу мың)»сандарыменжәне сөздерімен ауыстырылсын;		
4) тармақшасында:		
«15 000 (он бес мың)»сандарымен сөздері «30 000 (отыз мың)»сандарыменжәне сөздерімен ауыстырылсын;		
5) тармақшасында:		
«25 000 (жиырма бес мың)»сандарымен сөздері «50 000 (елу мың)»сандарыменжәне сөздерімен ауыстырылсын;		
6) тармақшасында:		
«25 000 (жиырма бес мың)»сандарымен сөздері «30 000 (отыз мың)»сандарыменжәне сөздерімен ауыстырылсын;		
15 тармақта:		
2) тармақша алынып тасталсын;		
3 Бөлім келесі мазмұндағы 24-1 тармақпен толықтырылсын:		
«24-1. Үкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушінің жазбаша хабардар етеді.»		
2. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамда белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.		
3.Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.		
Ойыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы С. Нұрбаев	Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы Е. Жиеналин	

РЕШЕНИЕ МАСЛИХАТА УИЛСКОГО РАЙОНА		
13 марта 2020 года	№381	село Уил
О признании утратившими силу некоторых решений Уилского районного маслихата		
В соответствии со статьей 7 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и статьей 50 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах», Уилский районный маслихат РЕШИЛ:		
1. Признать утратившими силу некоторые решения Уилского районного маслихата согласно приложению к настоящему решению.		
2. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актюбинской области.		
3. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2020 года.		
Председатель сессии Уилского районного маслихата С. Нурбаев	Секретарь Уилского районного маслихата Е. Жиеналин	

Приложение к решению Уилского районного маслихата от 13 марта 2020 года № 381

ПЕРЕЧЕНЬ ПРИЗНАННЫХ УТРАТИВШИМИ СИЛУ РЕШЕНИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

1. Решение маслихатаУилского районаот 7 июня 2016 года № 27 «О повышении базовых ставок земельного налога и ставок единого земельного налога на не используемые земли сельскохозяйственного назначения по Уилскому району»(зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №4973, опубликованное 14 июля 2016 года в газете «Ойыл»);

2. Решение маслихатаУилского районаот 5 марта 2018 года № 161 «О внесении изменений в решение районного маслихата от 7 июня 2016 года № 27 «О повышении базовых ставок земельного налога и ставок единого земельного налога на не используемые земли сельскохозяйственного назначения по Уилскому району»» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 3-11-119, опубликованное 13 апреля 2018 года в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде);

3. Решение маслихатаУилского районаот 26 марта 2018 года № 180 «Об установлении единых ставок фиксированного налога по Уилскому району» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 3-11-127, опубликованное 26 апреля 2018 года в газете «Ойыл»).

РЕШЕНИЕ МАСЛИХАТА УИЛСКОГО РАЙОНА		
13 марта 2020 года	№380	село Уил
О внесении изменений и дополнений в решение районного маслихата от 24 декабря 2015 года №277 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан в Уилском районе»		
В соответствии со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьей 50 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах» и постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 мая 2013 года №504 «Об утверждении Типовых правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан», Уилский районный маслихат РЕШИЛ:		
1.Внести в решение районного маслихата от 24 декабря 2015 года № 277 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан в Уилском районе» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 4724, опубликованное 26 февраля 2016 года в информационно-правовой системе «Әділет») следующие изменения и дополнения:		
в правилах оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан в Уилском районе, утвержденных указанным решением:		
пункт 8 дополнить подпунктом 5) следующего содержания:		
«5) лицам, приравненным по льготам и гарантиям к участникам и инвалидамВеликой Отечественной войны, другим категориям лиц, приравненным по льготам и гарантиям к участникам Великой Отечественной войны на коммунальные услуги в течение 7 месяцев отопительного сезона (с января по апрель, с октября по декабрь) вразмере 3 500 (трех тысяч пятьсот) тенге.»		
в пункте 12:		
в подпункте 1):		
цифры и слова «100 000 (ста тысяч)»заменить цифрами и словами «500 000 (пятьсот тысяч)»;		
в подпункте 2):		
цифры и слова «50 000 (пятидесяти тысяч)»заменить цифрами и словами «100 000 (ста тысяч)»;		
в подпункте 3):		
цифры и слова «30 000 (тридцати тысяч)»заменить цифрами и словами «50 000 (пятидесяти тысяч)»;		
в подпункте 4):		
цифры слова «15 000 (пятнадцать тысяч)»заменить цифрами и словами «30 000 (тридцати тысяч)»;		
в подпункте 5):		
цифры слова «25 000 (двадцати пяти тысяч)»заменить цифрами и словами «50 000 (пятидесяти тысяч)»;		
в подпункте 6):		
цифры слова «25 000 (двадцати пяти тысяч)»заменить цифрами и словами «30 000 (тридцати тысяч)»;		
в пункте 15:		
подпункт 2) исключить;		
раздел 3 дополнить пунктом 24-1 следующего содержания:		
«24-1.Уполномоченный орган письменно уведомляет заявителя о принятом решении (в случае отказа - с указанием основания) в течение трех рабочих дней со дня принятия решения.»		
2. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актюбинской области.		
3.Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.		
Председатель сессии Уилского районного маслихата С. Нурбаев	Секретарь Уилского районного маслихата Е. Жиеналин	

ЭЛЕКТР ЖЕЛІПЕРІНЕ ҚОСЫЛУ КЕЗІНДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА ЖӘНЕ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ШАРТЫН ҚАЛАЙ ЖАСАСУҒА БОЛАДЫ?

2020 жылдың 20 ақпанында Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша аумақтық департаментінде (бұдан әрі - департамент) «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы» ММ-нің, «Ақтөбе қаласының ТҰКШ, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің, «Энергосистема» ЖШС-нің, «Ақтөбеэнергоснаб» ЖШС-нің және электр энергиясын тұтынушылардың қатысуымен техникалық шарттарды алу бөлігіндегі электрмен жабдықтау желілеріне қосылу тәртібін түсіндіруге арналған дөңгелек үстел өткізілді.

Біздің облыстың тұрғындары, техникалық шарттар энергия беруші ұйымдармен («Энергосистема» ЖШС, «СНПС-Ақтөбеунайгаз» АҚ Ақтөбеунайгаз басқармасы) «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және Электр энергиясын пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкес берілетіндігі туралы білүлері қажет.

Сонымен қатар, 2020 жылдың 23 ақпанынан бастап Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 10 ақпанда № 20011 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 43 бұйрығы (бұдан әрі - Бұйрық) 2020 жылғы 23 ақпаннан бастап күшіне енді.

Бұйрықпен келесі нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгендігі атап өтілді: «Электр энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №143 бұйрығына, «Электр энергиясын бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №111 бұйрығына, «Электрмен жабдықтаудың үлгілік шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2017 жылғы 23 қазандағы №356 бұйрығына.

Бұйрық келесі өзгерістер мен толықтыруларды көздейді:

- тұтынушының электрмен жабдықтау шартына физикалық қол қою қажеттілігін болдырмау;
- тұтынушыға (жеке және заңды тұлғалар) «бір терезеге» электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу үшін құжаттарды тапсыру мүмкіндігі;
- электрмен жабдықтау жүйесіне қосу үшін құжаттар санын қысқарту;
- энергиямен жабдықтаушы ұйымды ауыстыру үшін тұтынушы жағдайын жақсарту;
- техникалық шарттарды алу үшін мерзімдер мен құжаттарды қысқарту;
- тұтынушының энергия беруші ұйыммен жобалық құжаттамасын келісу бойынша норманы алып тастау;
- тұтынушы мен энергиямен жабдықтаушы ұйымдар арасында төлем құжаттарын беру-алу қағаз құжат айналымын қысқарту;
- тұтынушы тарапынан тұтыну шарттары бұзылған кезде қайта есептеу шарттарын жақсарту (қайта есептеу өшірсуіз жүргізіледі).

Энергия беруші ұйым техникалық шарттарды беру тәртібі мен мерзімдеріне қойылатын талаптарды бұзған жағдайда, тұтынушыға «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша аумақтық департаменті» ММ-не жүгіну қажет. Техникалық шарттарды беру тәртібі мен мерзімдеріне қойылатын талаптар бұзылған жағдайда энергия беруші ұйымға қатысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 301-1 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Нұрболат ӘЛМҰХАНОВ,
Департамент басшысы.

КАК ПОЛУЧИТЬ ТЕХНИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПРИ ПОДКЛЮЧЕНИИ К ЭЛЕКТРИЧЕСКИМ СЕТЯМ И ЗАКЛЮЧИТЬ ДОГОВОР НА ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЕ?

20 февраля 2020 года в Территориальной департаменте Комитета атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан по Актюбинской области» (далее - Департамент) с участием представителей Управления энергетики и ЖКХ по Актюбинской области, Отдела ЖКХ г. Актобе, ТОО «Энергосистема», ТОО «Актобэнергоснаб», а так же потребителей электрической энергии был проведен круглый стол по разъяснению процедуры подключения к сетям электроснабжения, в части получения технических условий.

Жителям нашей области необходимо знать, что Технические условия энергопередающей организации (ТОО «Энергосистема», Управление Актобэнергоснаб» АО «СНПС-Актобемунайгаз») выдаются в соответствии с требованиями Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях» (далее - Закон) и Правил пользования электрической энергией.

Наряду с этим, с 23 февраля 2020 года вступили в действие приказ Министра энергетики Республики Казахстан от 6 февраля 2020 года № 43 «О внесении изменений и дополнений в некоторые указы Министра энергетики Республики Казахстан» (далее - Приказ), зарегистрированы в Министерстве юстиции Республики Казахстан 10 февраля 2020 года № 20011.

Приказом внесены изменения и дополнения в следующие нормативные правовые акты: «Правила пользования электрической энергией» утвержденный приказом Министра энергетики Республики Казахстан от 25 февраля 2015 года № 143, «Правила организации и функционирования розничного рынка электрической энергии, а также предоставления услуг на данном рынке» утвержденный приказом Министра энергетики Республики Казахстан от 20 февраля 2015 года № 111 и «Типовые

жасауға болады. Криотерапия технологиясын қолдану бар



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ҚОҒАМДА ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛУДА, ЖАҢА ҚӨЗҚАРАС, ЖАҢА ҰСТАНЫМДАР МЕН КҮНДЫ-ЛЫҚТАР ҚАЛЫПТАСУДА. СОНЫҢ БІР БАСТЫ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ - РУХАНЫ ЖҰҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ, ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ТӘРБИЕЛЕУ.



Қазақ халқының Ұлы ақыны Нұрпейіс Байғаниннің жырлары патриотизмге толы, ол өзінің шығармаларында Отанды, туған жерді жырлаған, ерлікті, батырлықты, бірлікті басты тақырып етіп алған. Сондықтан, Н.Байғаниннің өлеңдері мен поэмаларының мазмұны бүгінгі күн тақырыбына сай келеді және ол өзінің актуалдылығын бүгінгі күнде де жойған жоқ. Оның патриоттық шығармалары Тәуелсіз Қазақстан азаматтарын тәрбиелеуге қызмет етуде.

Нұрпейіс Байғанин 1860 жылы Темір ауданындағы Сүлікте деген елді мекенде Байғана мен Үміттің отбасында дүниеге келді. Нұрпейістің әкесі Байғана Барсай және Досжан деген ірі байлардың қойларын баққан екен. Ал Нұрпейістің шешесі Үміт сұлу, ақылды, сұлулықпен ақылдықты үйлестіре білген, әрі әнші, әрі орындаушы-күйші, елге белгілі адам болған. Анасы дарынды баласын домбыра өуеніне және өн өнеріне сүйіспеншілікке тәрбиеледі. Нұрпейіс жастайынан-ақ бір естіген ән-жырларын тез жадында сақтап, оны тамаша қайталап орындайтын. Нұрпейіс 16-17 жасында-ақ жыршы бала атанып, оның аты аймаққа танымал болды. Нұрпейістің жақын достарының бірі Қожаш Елешов өз естелігінде «Нұрпейіс бізде-бір той, бірде-бір шілдехана өтпейтін. Ал үлкен мейрам немесе ақындар айтқысы болса Нұрпейісті әдейі шақыратын еді» - дейді.

Ол кездерде ақын адамдардың ең көп жиналатын жері - жәрмеңкелерде өнер көрсеткен. Нұрпейіс Темір,



Ойыл, Ырғыз, Орал жәрмеңкелерінде өнер көрсетіп, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер тарғын», «Қыз Жібек», «Айман - Шолпан» т.б. жырларды жырлаған. Көпшіліктің сүйіспеншілігі мен танымын жаулап алған. Ақын 40-50 жырды жатқа білген.

Қазақ ауыз әдебиетінде қалыптас-

ШЫҒАРМАЛАРЫ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕ ХАЛЫҚ АҚЫНЫ Н.БАЙҒАНИНГЕ 160 ЖЫЛ

қан дәстүр бойынша ақындар үлкендерінің қасында жүріп, олардың өнерлерін үйренген, сөйтіп ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған, жас таланттар өздерінің ұстаздарын тапқан, олардан өнер жолына бата алған. Осы тамаша дәстүрді жалғастыра білген Нұрпейіс ылғи да ізденіс үстінде болады. Ол Абыл, Шернияз, Нұрым, Қашаған, Ығылман, Ақтан, Қазақбай, Сабыр сияқты ақындардың қасында болып, олардан үлгі алады, олардан ән-жыр үйреніп, орындайды.

Ол Атырау және Маңғыстау ақындарымен жиі кездесіп, олардан көптеген батырлық жырларды үйренеді. Кейінгі жылдарда Нұрпейіс шығармашылығында ерлік, батырлық тақырыбындағы жырлар ерекше орын алды. Бұл бағыт оның Аққенже, Наркыз атты шығармаларынан, сонымен қатар, оның Жеңіске 75 жыл толып отырған Ұлы Отан соғысы жылдарында шығарған халықтың тылдағы ерен еңбегі мен майдандағы жауынгерлердің ерліктеріне арналған өлеңдері мен поэмаларынан көрінеді.

Нұрпейістің шығармаларын жинау және қағаз бетіне түсіру 1938 жылдан басталды. Халық ақындарын іздеу және табу үшін Ақтөбе облысына арнайы тапсырмамен кейін қазақ поэзиясының көрнекті ақсақалдарының бірі болған - Дихан Әбішев келіп, Н.Байғанинмен кездеседі. Нұрпейіс Жамбылдың мерейтойына Алматыға шақырылады. Нұрпейістің осы сапары туралы қазақтың белгілі ақыны Әбділда Төжібаевтың естелік кітабында өте қызық, тартымды етіп жазылған. Алматыда Нұрпейіс көптеген ақындармен, жыршы-жыраулармен кездеседі. Мұнда ол өзінің

Ақынға 1939 жылы «Қазақ ССР-інің өнеріне еңбегі сіңген қайраткер» атағы берілді. Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталады. Осы жылы Н.Байғанин Ақтөбе облыстық Кеңесінің бірінші шақырылымының депутаты болып сайланады және оның бірінші сессиясын өзінің өлең-жырымен ашады.

Нұрпейіс 1939 жылдың 16 тамызында Москваға барады. СССР халық шаруашылығы жетістігі көрмесін көреді. Осы оқиғаға ақын «Өңімдегі жұмақ» өлеңін арнайды. Осы өлеңі орыс тіліне аударылып, бүкіл одақтық радио арқылы беріліп, бүкіл Совет Одағына тарайды. Бұл Нұрпейісті бүкіл Совет халқына бірінші таныстыру болатын.

Ақтөбеде 1940 жылы Нұрпейістің 80 жылдығына арналған үлкен мереке өткізілді. Осы жылы ақын «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Осы қуанышты сәтке арнап ақын «Қуаныш жыры» өлеңін шығарды. Ол орыс тіліне аударылып, «Известия» газетінде жарияланды.

Нұрпейіс Байғанин көп қырлы талант. Ол бір жағынан суырыпсалма ақын, екінші жағынан жырау - орындаушы, оның шығармаларында батырлық эпостар көп орын алады. Оның өте бай репертуарында «Қобыланды», «Құбығұл», «Төрехан», «Қырымның қырық батыры» т.б. көптеген эпос жырлар бар. Қазір «Қобыланды батыр» жырының бізге 29 варианты бары белгілі. Ал, солардың ішіндегі оқиғалары өте бай, әрі ең көркем, әрі баяндауы жағынан өте нақты, көлемдісі 9300 жолдан тұратын Нұрпейіс жырау жырлайтын



жырлаған. Оның орындаған нұсқасында Ақтөбенің жерлері мен өзендерінің атаулары көп кездеседі. Қобда ауданының Жиренқопа ауылында 2007 жылдың қыркүйегінде Қобыланды батырға мемориалды әдемі кесене мен музей салынды. Мен 25 тамыз 2006 жылы Қобыланды батырдың ғылыми зерттелген сүйегін Жиренқопаға жерлеуге апардым.

Н.Байғанин 1916 жылы көтеріліске арнап «Ақын» және «Өрістеген өмір» екі жыр шығарды. Бұл жырларды ақынның хатшысы Мәселе Жаңабаяв

бірнеше айтсы, көптеген өлеңдер мен толғаулар қалдырды. Бірақ, оның әдеби мұрасы бізге толық жетпеді. Әйтсе де, оның бізге жеткен мұрасының өзі де көлемді, мол. 1938-1940 жылдары ақыннан жазып алған 9300 жолдық «Қобыланды батыр», 5000 жолдық «Құбығұл», 500 жолдық «Төрехан» т.б. әдеби шығармалар Нұрпейістің эпик-ақын, батырлар жырын жырлаушы, жыраулар мектебінің ең ірі өкілі екендігін көрсетеді.

Н.Байғаниннің шығармалары әр жылдары бірнеше рет жарық көрді. 2008 жылы ақынның шығармалар жинағын сыйлық нұсқамен оның немересі Ерболат Момынұлы Байғанин шығарды.

Нұрпейістің 1917 жылғы революция дейінгі шығармаларын ғалым Оразгүл Нұрмағамбетова жинады. 1949 жылы оған ақынның кейбір өлеңдерін Ұлы Ғалым, қызы Зылия, туысы және жақын досы, көп жыл бойы жолдасы болған Қожаш Елешов, жақын туысы Асыл Орынбаева, келіні Әнепия Құлышшақова жаздырыпты.

Н.Байғанинның шығармашылығы өсіресе 1938-1945 жылдары өте жемісті болды. Бұл жылдары ақын елдің аса көрнекті оқиғаларына арнап көптеген өлеңдер мен поэмалар шығарды.

Н.Байғаниннің шығармашылығы ғалымдардың назарында ылғи болды. Ақынның рухани шығармашылығы мұрасын жинау мен зерттеуге көп еңбек еткен ғалым-филолог О.Нұрмағамбетова еді.

Нұрпейістің ақындық және эпикалық шығармашылығын жазушы-академик С.Мұқанов өте жоғары бағалады. Атақты ақынның мұрасына арнап Д.Әбішев, Қ.Шаңғытбаев, Ә.Төжібаев, Б.Аманшин, Т.Жармағамбетов т.б. зерттеу мақалалар мен естеліктер жазды. А.Б.Николюк аса ең бірінші болып ақынның өлеңдерін орыс тіліне аударып, 1946 жылы «Избранные произведения» жинағын жазып алған.

Нұрпейістің эпикалық шығармаларында үлкен орынды тек батырлар ғана емес, аттары аңызға айналған әйелдер бейнелері де лайықты көрсетілген. Отар туралы ақынның «Аққенже» және «Наркыз» поэмаларында жырланған. Ерлік мотивтері Нұрпейістің шығармаларында кейінде жалғасын тауып, оның Ұлы отан соғысы жылдарында шығарылған «Капитан Гастелло» өлеңінде, «Жиырма бес», «Ер туралы жыр» атты Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаров және 28 панфиловшылардың бірі Нарсұтбай Есболатовтың ерліктері баяндалған шығармаларына арқау болады. Ақын-жырау Нұрпейіс өзінің көркем және жалынды сөзі - жырымен жігерлендіріп ақтөбелік жерлерінен және бүкіл қазақстандықтарды - быыл 75 жыл толатын - Ұлы Жеңіс күнін жақындауға лайықты үлес қосуға шақырды. Ақын 1941 жылдың 19 мамырында Ақтөбеде құрылған 101 ұлттық атқыштар бригадасы жауынгерлері атындағы жыр айтып, оларды Отан қорғауға үндеді. Бригаданың дайындығын тексеруге маршал К.Е.Ворошилов келген болатын.

1942 жылы көктемде Нұрпейіс Шалқарда теміржолшылар клубында қала халқы алдында жырлап, оларды «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» Ұранымен ерлікпен еңбек етуге шақырды. Осы кездесудің нәтижесінде Шалқар ауданының тұрғындары майданға 3755 сом ақша, 604 мың сомның облигациясын, 7927 өртүрлі киім жинап, Қызыл Армия жауынгерлеріне көмек көрсетті. Нұрпейістің «Қазақстан майданға» өлеңі бойынша деректі киноочерк түсіріліп, ол СССР киноэкрандарына бүкіл совет халқына көрсетілді.

Нұрпейіс ақын ұзақ жасады, көп көрді, көп үйренді, көп жырлады. Ол халқының бай сөздік мұрасын игерді, сөзді өте жақсы меңгерді және оны ұқыпты шебер пайдалана білді. Ол Абайға, Жамбылға, М.Горькийге, Т.Шевченкоға, Ш.Берсиевке, А.Имановқа арнап өлеңдер шығарды. Халық ақыны Нұрпейіс өзінен кейін өте бай әдеби мұра - 15 поэма,



10 мың дана етіп орыс тіліне шығарды. Н.Байғаниннің 150 жылдығына арнап, 2009 жылы өлкетанушы-ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Б.Құрманбеков «Нұрлы жүзді Нұрпейіс» атты кітап жазып шығарды.

Нұрпейіс Байғанин аты және мәдени мұрасы ел есінде. 1990 жылы Ақтөбе облысында ақынның 130 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Республикалық ақынды айтқысы, термешілер сайысы, ғылыми конференция, көрме, Н.Байғанин күндері, Байғанин және Темір аудандарына салтанатты жауап беріліп.

Бұрынғы Табын ауданы 1940 жылы Байғанин ауданы болып өзгертілді. 1962 ақын аты облыстық балалар кітапханасына берілді. Байғанин ауданында Қызыл өскер, Жданов, Жарсай колхоздары біріктіріліп Байғанин атындағы ірі савхоз ұйымдастырылды. 1964-1965 оқу жылында онда 8 жылдық мектеп ашылып, ол 1971 жылы орта мектепке айналды. Қарауылкелдіде 1976 жылы

ақынның ескерткіші ашылды.

Н.Байғанинге Ақтөбеде - 1999 жылы, Шұбарқұдықта, Ақсайда - 1995 жылы ескерткіштер қойылды. Ақсайда ақын атында мектеп бар. Ақсай-Темір ауданындағы аудандық округтың орталығы. Оған Нұрпейіс туған «Сүлікте» жері кіреді.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде ақынға арналған бөлім бар. Халық суретшісі Ә.Қастеев Нұрпейіске М.Калининнің «Құрмет белгісі» орденін тапсырып тұрған портретін салған. Одан бөтен ақынның портретін ақтөбелік суретшілер С.Әлімбетов, Т.Төлеуішев салды. Халық артисі Ғ.Құрманғалиев Нұрпейістің «Еңбек туралы жыр» термесін орындап ақынның шығармасының даңқын арттырды. Ақтөбеде, қалалар мен аудандарда ақын атындағы көшелер бар. Қарауылкелдідегі Байғанин лицейі ауыл шаруашылық мамандарын дайындайды.

Тарихшы ғалым-өлкетанушы Б.Құрманбековтың зерттеуі бойынша ақынның тегі мен шежіресі - жеті атасы Шүрен, Жаман, Құлбаба, Андақұл, Сүйіндік, Байбақты, Байғана, Нұрпейіс болып келеді екен.

Нұрпейістің үлкен ұлы Ғалым заңгер болған. Оның ұлы және екі қызы болды. Нұрпейістің тағы бір ұлы Момын - педагог-музыкант, А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыка колледжінде мұғалім, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогика институтында профессор болып қызмет етті. Кезінде Ақтөбедегі пединститут мұғалімдер институты болғанда Н.Байғанин атында болған екен. Момын Нұрпейісұлы - атақты күйші-домбырашы, Республиканың мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер. Оның төрт ұлы, бір қызы бар.

Нұрпейіс 1944 жылы қыркүйекте қатты ауырып, Ақтөбеге жақын Табантал деген жерде тұрған. Оның соңғы «Мен өлмеймін, өлмеймін», «Жез бұйдалы мен құба нар» өлеңдері Жеңіс күнін көрсем, жетсем

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

«БІЗ БІРГЕМІЗ!»

«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЦИЯСЫ



«Nur Otan» партиясы Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Кедергісіз келешек», «Бақытты отбасы» және «Ардагерлерді ардақтайық!» партиялық жобалары аясында карантин жарияланған Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы жалғызбасты қарттарға, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға және аз қамтылған көпбалалы отбасыларға атаулы көмек көрсету үшін «BizBirgemiz» акциясы ұйымдастырылған болатын.

Игі іске «Nur Otan» 150 млн. теңге бөліп, партияның орталық аппараты мен филиалдарының қызметкерлері қосымша өздерінің бір күндік жалақысын аударды. Республикалық акция барысында Ойыл ауданының әкімі, «Nur Otan» партиясы аудандық филиалының төрағасы А.Қазыбаев,

«Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары С.Займолдин, аудандық мәслихат хатшысы Е.Жиеналин, аудандық мекемелер, ауылдық округтер, «Nur Otan» партиясының мүшелері және «Jas Otan» ЖҚ-ның еріктілер тобы аудан орталығында көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға, жалғызбасты қариялар мен ерекше қажеттіліктері бар адамдарға азық-түлікпен көмек көрсетті. Нәтижесінде көп балалы отбасыға, қарияларға және ерекше қажеттіліктері бар адамдарға барлығы 110 отбасыға көмек көрсетілді.

Сәкен ЗАЙМОЛДИН,
«Nur Otan» партиясы
Ойыл аудандық филиалы
төрағасының бірінші
орынбасары.

БАСҚОСУ ШАРАЛАРЫ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРІЛЕДІ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МҰРАТБАЙ АЙДАРБАЕВ БАСТАҒАН ТОП АУДАННЫҢ ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ЖӘНЕ САРАЛЖЫН, ҚАЙЫНДЫ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГТЕРІНЕ БАРЫП, ТҮРҒЫНДАРҒА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚУАНЫШ, МЕРЕКЕЛІК БАСҚОСУ МЕН ЖОРАЛҒЫЛАР ӨТКІЗУЕ ТИІМ САЛЫНҒАНДЫҒЫН ТҮСІНДІРДІ. Яғни, АДАМДАРДЫҢ ЖИНАЛУЫНА ЖОЛ БЕРУЕ БОЛМАЙДЫ.



Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының орынбасары Б.Дембаевтың «Прокура-тура туралы» Заңының 31-і бабы төртінбінші үндеуін жеткізді. Ал, аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшысы Ғарифолла Құбаев ауылдардағы азық-түлік дүкендерінің иелеріне санитарлық ережелер мен гигиеналық нормаларды сақтау жолдары мен талаптарын түсіндірді. Ауылдардағы таяу уақыттарда

отбасылық қуаныштары мен жоралғыларын өткізгілі отырған отбасы-ларға арнайы барып түсіндірді. Төтенше жағдай уақытындағы заң талаптарына түсіністікпен қараған отбасы мүшелері жоралғылар мен қуанышты шараларды кейінге шегеруді ұйғарды.

Р.С
Сонымен қатар, Шығанақ Берсиев атындағы селолық округ әкімінің қолдауымен медициналық беттерде тігін, тегін таратып жатқан шеберхананың жұмысымен танысты.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР АӘК-ТІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРГЕ ЖҮГІНБЕЙ АЛА АЛАДЫ

Ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап қазақстандықтар төтенше жағдай кезінде мемлекеттік органдармен байланыссыз атаулы әлеуметтік көмекті ала бастайды. Әлеуметтік көмекті қайта тағайындау үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық базалары арқылы деректерді тексеру жүргізіледі, атап айтқанда тұрғылықты жері бойынша тіркеу, жылжымайтын мүліктің бар-жоғы, кірістер және т.б. Егер отбасы құрамы өзгергеннен жағдайда, тағайындауға өтініш қолда бар деректер негізінде қалыптастырылатын болады. Бұл үшін халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлері 1-тоқсанда АӘК алған азаматтар үшін өз бетінше өтініш жасайды және АӘК тағайындау өлшемдеріне сәйкестігін тексереді.

Барлық ақпарат, сондай-ақ хабарламалар электрондық пошта немесе

мессенджерлер арқылы жіберілетін болады. 1-тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек алмаған азаматтарға АӘК тағайындау үшін egov.kz порталы арқылы өтініш жіберу қажет. Әрі қарай жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлері құжаттарды мемлекеттік органдардың мәліметтер базасында тексеріп, нәтижесін электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы хабарлайды.

Бұл ретте уәчаскелі комиссиялар көшпелі тексерулер жүргізбейді. Барлық қажетті құжаттарды азаматтардан электрондық пошта арқылы немесе мессенджерлер арқылы сұрататын болады.

Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылдың басынан бері АӘК алушылар еліміз бойынша 102,4 мың отбасы немесе 527,6 мың адам болды. АӘК алушылардың 41,5 %-ын көп балалы отбасылар құрайды.

МҮГЕДЕКТІКТІ БЕЛГІЛЕУ МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА БӨЛІМДЕРІНЕ БАРМАЙ-АҚ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Төтенше жағдай режимінің қолданылу кезеңінде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі медициналық-әлеуметтік сараптама бөліміне бармай, «Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау» мемлекеттік қызметтің сырттай форматта алу тегінін өзірледі. Қызмет «Электрондық үкімет» порталында «Электрондық өтініш» сервисі арқылы берілген электрондық өтініш негізінде ұсынылады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін азамат қажетті құжаттардың сәнакерленген нұсқасымен қоса тиісті стандартқа сәйкес өтінішті толтыруы тиіс. Өтінішке электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қою қажет.

Бұдан өрі өтініш көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық департаментіне жіберіледі.

Медициналық-әлеуметтік

сараптама жүргізілгеннен кейін оның нәтижелері көрсетілетін қызметті алушыға sms-хабарлама арқылы, «Электрондық үкімет» порталындағы жеке кабинетке немесе «Электрондық өтініш» сервисі арқылы келіп түскен өтінішке жауап түрінде жіберіледі.

Айта кету керек, төтенше жағдай кезеңінде медициналық-әлеуметтік сараптама бөліміне қайта куәландыруға келмеген азаматтарға өткізіп алған кезеңіне 2020 жылғы 16 ақпаннан бастап мерзім белгіленетін болады.

Естеріңізге сала кетейік, жыл сайын «Мүгедектігі жоқ немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау» мемлекеттік қызметті 250 мыңнан астам азаматқа оның ішінде алғаш рет 57 мыңға жуық азаматқа көрсетіледі, 2019 жылы 252 мың адам қызметті алды.

Бүгінгі күні Қазақстанда мүгедектігі бар 700 мыңға жуық адам тұрады.

ОНЛАЙН ОҚУ ЖҮЙЕСІ ОҢАЙ БОЛМАЙ ТҰР!

Бүгінде әлем жұртшылығын дүрлік-тірген коронавирус көптеген елдерге тарап үлгерді. Вирусты жұқтырған адам саны артуда. Бұл дерт бізді де алаңдатып отыр. Сол себепті, әр адам өз отбасына, ұжымына, туған-туыстарына жауапты тұлға болғандықтан, ерқашан сақтық шараларын жасауы тиіс. Халқымызда «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» - деген нақыл бар. Сондықтан сақтық шараларын ұстанып, коронавирустың алдын алуды кез келген адам білуі тиіс.

Елімізде төтенше жағдай енгізілуіне байланысты студенттердің қашықтан оқу жүйесіне көшулері айтпасақ та түсінікті жағдай.

Осы орайда біз барлық ауылдық округ әкімдеріне арнайы қоңырау шалып, бірқатар студенттерімен тілдескен едік. Барлық ауылдарда жағдай қалыпты. Студенттер үйде отырып жібере алуға болатын тапсырмаларды, ұялы телефон арқылы жіберіп жатыр. Өрине білім ошағында жұмыс істеген, оқыған бөлек. Ал, қашықтан оқыған мүлдем бөлек. Алайда төтенше жағдайдан тиімді шығу үшін ауылдағы студенттер ин-

тернет арқылы онлайн оқуға көшкен. Бұл жүйе медицина саласында оқитын студенттер үшін интернеттің жылдамдығын қажет етеді-мыс. Алғашында округ әкімдері арнайы кабинет жасақтап, студенттердің бір жерден онлайн оқуға шақырды. Алайда кейін бұл жағдай бір жерде көп шоғырланбау керектігіне байланысты, студенттер үйлерінен оқып жатыр. Үйлерінде интернеттері жоқ студенттер аудан басына келіп, тұма-туысты сағалап, білімдерін жетілдіруде. Коронавирустың алдын - алу шараларын одан өрі күшейту, тұрғындарға түсінік жұмыстарын жүргізу мақсатында Берсиев жастары арасында «Еріктілер» тобы құрылып, ауылға келген өрбір студенттерге түсінік жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ қараталдық студенттер осындай төтенше жағдай енгізілгеніне қарамастан сабақтарын уақытылы орындап, онлайн оқу арқылы да технологиялық заман көшіне ілесіп, білімнің биік шыңдарын бағындыруға сөз берді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ОҚУШЫЛАР ТЕЛЕАРНАЛАРДАН САБАҚ ОҚИДЫ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨКТЕМГІ КАНИКУЛЫ 5 СӘУІРДЕ АЯҚТАЛАДЫ. ОДАН КЕЙІН ОЛАР САБАҚТЫ ҚАЛАЙ ОҚИДЫ? БҰЛ СҰРАҚҚА БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ ЖАУАП БЕРДІ.

— ЮНЕСКО-ның ақпаратына сәйкес, бүгінгі таңда 107 мемлекетте орта білім беретін мектептер толық жабылған. Бұл — 861 миллион оқушы білім алуын тоқтатты деген сөз. Бұған қоса 12 елдің кейбір қалаларында орта білім беру ошақтары жұмыс істемейді. Осыған байланысты бірқатар мемлекеттің алдында аталған үдеріс салдарын азайту және үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету үшін мүмкіндік жасау міндеті тұр. Отандық білім беру жүйесі үшін де қашықтан оқыту форматына көшу — үлкен сынақ, — деді министр өзінің фейсбуктегі ресми парақшасында.

Ведомство басшысы қазіргі таңда білім берудің әр деңгейі үшін түрлі оқыту жүйелері ұсынылып жатқанын жеткізді. Бірамыз бағамдайтындай, соның ішінде ең маңыздысы — мектептер жайы. Себебі орта білім беру жүйесі кәсіптік-техникалық немесе жоғары білім беру саласындай емес, күрделірек. Яғни орта білім ошақтары ғана емес, қазір үйде жұмыс істеп отырған мұғалімдер түгел интернетке қолжетімді емес. Оның үстіне ата-аналар да балаларын тегіс техникамен қамтамасыз етіп отыр дей алмаймыз.

Осы аталған мәселені шешу мақсатында министрлікте арнайы жұмыс тобы құрылған. Оның құрамына қашықтан білім беру саласында жұмыс істейтін «Bilimland», «Daryn.online», «Күнделік», «Univer», «Platonus», «EduPage», БИЛ, «BTS education», «U-study» и «AGS» сынды ұйым-дардың өкілдері және педагогтер, әдіскерлер, мектеп директорлары, директорлардың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары және ЖОО проректорлары енді. Аталған топ тапсырмалар беруді, олардың орындалуын тексеруді, бағалауды және кері байланысты, сондай-ақ қажет болған жағдайда педагогтердің өз сыныбымен онлайн-талқылау, бағалау бойынша немесе бейне-стриминг сервистерін пайдалана алуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер енгізу міндетін қолға алған.

Ал интернетке, құрылғыға қолжетімділігі жоқ оқушыларды оқыту мәселесін министр спутниктік телеарналар арқылы шешу жұмыстарының өзін-өзі жатқанын жазды.

— Телеарналар арқылы сабақ өткізуге дайындалып жатырмыз. Онда бейне-сабақтар сабақ кестесіне сай көрсетіледі. Бұл тетік — өсіресе интернет қуаты өлсіз және қажетті құрал-жабдықтарға қатысты қиындықтары бар ауылдық білім беру ұйымдары үшін өзекті.

Біз үшін барлық сабақ орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай оқу бағдарламасы бойынша, сабақ кестесіне сай, цифрлық білім беру ресурстары бойынша әдістемелік қолдаумен және мультимедиялық материалдармен қамтамасыз етіліп, ұстаздар үшін алдын ала өзіренген жоспар бойынша жүргізілгені маңызды. Бастысы, балалардың білім алуы сапаға өсер етпеуі қажет, — деді А.Аймағамбетов.

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ.

ҚАШЫҚТАН ОҚУ - МӘЖБҮРЛІ ҚАДАМ

Құрметті ұстаздар, ата-аналар! Бүгінгі күні коронавирустың таралуына қарсы күрес шараларын күшейту кезінде, 6 сәуірден бастап мектептер төртінші тоқсаны қашықтан оқыту форматында бастайды. Қазір балалар көктемгі демалыста. Мұғалімдер болса, балаларды жаңаша оқыту дайындық үстінде. Оқушылардың деңгейі кезінде мұғалімдер бұған дейін де өздерінің педагогикалық шеберлігін арттырумен айналысатын, әдістемелік қоржынын толықтырып, болашақ сабақтарына қажетті материал қарастырауда болатын. Бүгінгі күні өдеттегі дайындыққа қоса мұғалімдер өз цифрлық құзыреттілігін күшейту бойынша жұмыс жасауы қажет. Қашықтық төртінше жұмыс жасауда мұғалімдердің жүйелік тәжірибесі жоқ екенін ескеретін болсақ, өрине, бұл оңай шаруа емес, және бұндай жұмыс бұрын талап етілмеген. Десек те, сабақ барысында мұғалімдер цифрлық білім беру ресурстарымен, электрондық оқулықтармен, электрондық журнал жүйелерімен бұған дейін де жұмыс жасайтын. Бұның өзі цифрлық жүйеде жұмыс жасаудың қандай да бір тәжірибесі екені анық.

Қазіргі таңда мектеп әкімшілігі, әдістемелік бірлестік жетекшілері, ұстаздар өздері қашықтан оқытуға ауысу бағытында белсенді жұмыс атқарауда. Ең маңыздысы - осы мәселені дұрыс түсіну. Қашықтық сабақ — өдеттегідей қырық минут көлеміндегі сабақ емес. Қашықтық сабақтың өдіс-тәсілдері, қағидалары да сабақ.

Осындай сын сөтте ұстаздарды күштеп жұмысқа тартып, онлайн-сабақтар жазуға мәжбүрлеп отыр деген орыссыз сұрақтар да туындамауы тиіс. Қазіргі жағдайда бұл мұғалімнің өзіне керек нәрсе, бұл мұғалім жұмысының жаңа шарты. Ең бастысы, оқушылар мұғалімнен ықылықты, тартымды сабақ күтеді.

Құрметті ата-аналар, біріншіден, бұл мәселеге сіздер түсінікпен қарауларыңызды, балаға жаңа форматта оқу материалын игеруге көмек беріп, мұғалім мен оқушы арасындағы

байланыстың орнауына ықпал етіп, қажетті нәтижеге жету үшін өз көмегіңізді беруді сұраймыз. Тек осылай, бірлесіп жұмыс жасау арқылы біз оқу үрдісін дұрыс ұйымдастырып, балаларға қажетті білім мен құзіретін бере аламыз.

Кейбір мектептерде сапалы интернет мәселесі, мұғалімдер мен оқушыларда компьютердің болмауы, отбасында бірнеше бала болған жағдайда компьютерді пайдалану сұрақтары, дайын интернет-платформалардың жоқтығы түсінікті. Бұл сұрақтар, өрине, бар, олар жеке тұрғыда қарастырылады, оларды шешу жолдары анықталуда.

Білім және ғылым министрлігінде, аймақтық білім беру басқармаларында қашықтан оқыту жүйесін ұйымдастыру бойынша Жобалау офисі құрылып отыр. Пандемия кезеңінде оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша уақытша шаралар енгізген көршілес елдердің тәжірибесі, халықаралық тәжірибе зерделенді. Мектептер мен ұстаздар үшін тиісті ұсынымдар дайындалды. Ұстаздар үшін арнайы онлайн, теле-курстар, вебинарлар өзін-өзі берді.

Сонымен қоса, ұстаздар мен балаларға «Балапан» және «Ел-Арна» телеарналарында төртінші тоқсан басталысымен күнде 1-11 сынып оқушыларына аптасына бес күн сабақ өткізіледі. Қазір осы теле-сабақтардың арнайы түсірілімі жүргізілуде. Ол сабақтар мемлекеттік стандарт талаптарына, оқу бағдарламаларына сәйкес құрылған. Оқушылар үшін 2 мыңнан астам теле сабақ дайындалады. Бұған үлкен күш жұмсалуда. Нұр-Сұлтан қаласының, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, республикалық, халықаралық және жеке мектептердің үздік ұстаздары елімізді барлық балаларына сабақ береді. Ұстаздарға тек қолдау қажет!

Ұстаздар мен оқушыларға білім өлемінде жаңа асуларды меңгеру жолында табыс тілейміз!

Шолпан КАРИНОВА,
Білім және ғылым вице-министрі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

Құрметті ойылдықтар!

Коронавирус пандемиясына байланысты, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес 2020 жылғы 16 наурыздан 15 сәуірге дейін төтенше жағдай жарияланды.

Коронавируспен күресудің басты жолы – үйде оқшаулану.

Өзіңіздің және басқа да азаматтардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 15 сәуірге дейін үйден шықпауыңызды сұраймыз.

Егер Сіз көпқабатты тұрғын үйде тұрсаңыз, пөтерден шықпаңыз!

Егер Сіз жеке тұрғын үйде тұрсаңыз, өз аулаңыздан шықпаңыз!

Адамдар көп жиналатын жерлерге бармаңыз!

Қоғамдық орындарда қашықтықты сақтап, маска тағып жүріңіз!

Қолдарыңызды жиі жуып, антисептиктерді пайдаланыңыз!

Мүмкіндігінше қолыңызбен көзіңізді, мұрын мен аузыңызды ұстамаңыз!

Егер дене қызуының көтерілуі, тыныс алудың қиындауы, тамақтың ауыруы болған кезде дереу жедел жәрдем қызметіне хабарласыңыз!

Жалған ақпараттарды таратпаңыз, ақпарат көздерін тексеріп алыңыз!

Егер сұрақтарыңыз болса, 906-606, 557-737 байланыс телефондарына хабарласыңыз.

Парасатты болыңыз, бір-біріңізге қамқорлық көрсетіңіз!

Сіздің денсаулығыңыз —Сіздің отбасыңыз бен жақындарыңыз саулығы!

КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНАН ҚАРАПАЙЫМ САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ

Коронавирус адамнан адамға ауа арқылы (жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде) 2 метр қашықтықта, сондай-ақ науқас пайдаланған тұрмыстық заттар, санитариялық - дезинфекциялық режим сақталмаған жағдайда өртүрлі заттар арқылы жұғады. Сонымен бірге тамақ, су арқылы жұғу жолы жоққа шығарылмайды.

Коронавирус инфекциясының тасымалдаушысы –ауруға шалдыққан адам.

Коронавирус инфекциясының негізгі симптомдары: құрғақ жөтел, бұлшық еттің ауырсынуы, дене қызуының көтерілуі, кей кездері іш өтуі байқалады.

Инкубациялық кезеңі (жұқтырған сәттен бастап ауру белгілері пайда болғанға дейін) 14 күн.

Коронавирус инфекциясының алдын алу жолдары:

- мүмкіндігінше адам көп жиналатын

- жерлерге бармау;
- респираторлық аурулардың белгілері бар адамдарға жақындамау (2 м. қашықтық);
- көз келген қоғамдық орыннан келгеннен кейін және тамақ алдында қолды сабынмен мұқият жуу.
- құрамында спиртті бар сапфеткарды пайдалану;
- сыртта жүргенде адам қолымен көзін, аузын, мұрынның ұстамау;
- жөтелу, түшкіру этикасын сақтай отырып, беторамалмен ауыз бен мұрынды жабу немесе жөтелгенде шынтақты бұғу;
- Жіті респираторлық инфекцияның немесе белгілері байқалған кезде, бірден медициналық жедел жәрдем көмегіне жүгініп үйге шақыру қажет, жедел жәрдем бригадасы келгенше алдын алу шараларын сақтаңыз (өзге адамдарға жақындамаңыз, жөтелу өдебін сақтаңыз, маска кию, өз бетіңізше емделмеңіз).

Ойыл аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы

ПРЕСЕЧЕНИЕ ПОВТОРНОЙ ПРЕСТУПНОСТИ

С 9 по 18 марта 2020 года отделом службы пробации Уилского района Департамента УИС по Актобинской области в период с 9 по 18 марта 2020 года проводятся республиканское оперативно-профилактическое мероприятие «Пробация».

Инспектора СП проверяют осужденных, состоящих на учете службы пробации, совместно с участковыми инспекторами полиции Уилского районного отдела полиции при проведении рейдов по месту их жительства, а также в целях выявления нарушений порядка и условий. В случае выявления нарушений, инспектор СП направляет в районный суд представление о переводе осужденного не отбытого срока наказания на строгий вид наказания. В настоящее время на учете в районном отделе СП состоит 16 осужденных. В целях профилактики правонарушений и повторных преступлений с ними на постоянной основе проводятся профилактические беседы.



А. САЛИК,
Инспектор службы пробации Уилского района, лейтенант юстиции.

ТАУАРЛАРДЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Салық салу мақсаттары үшін Салық кодексінде тауарлардағы электрондық сауда тұжырымдамасы айқындалған.

Тауарлармен электрондық сауда — бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

- тауарларды өткізу жөніндегі мәмілелерді ресімдеу электрондық нысанда жүзеге асырылса;
- тауарлар үшін ақы төлеу қолма-қол емес тәлеммен жүргізілсе;
- тауарларды сатып алушыға (алушыға) жеткізетін өз қызметі болса не жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, курьерлік және (немесе) пошталық қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен шарттар болса, интернет-дүкен және (немесе)

интернет-алаң арқылы ақпараттық технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын, жеке тұлғаларға тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

Сонымен бірге тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асыратын салық төлеушілер жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюға жатады.

Хабарламаны бекіту және оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін тұрғылықты жері бойынша (ЖТ) немесе тіркеу орны бойынша (ЗТ) хабарландыруды мемлекеттік кірістер басқармасында қағаз жүзінде алуға болады.

Ойыл ауданы бойынша кірістер басқармасы

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы,
Ақырыс Төреғалиева
(28.12.1955 ж – 28.03.2013 ж)

Өмірде кім қияды жан анасын,
Сыйлаған тіршіліктің нұр санасын.
Алпаның өміріңе амал бар ма,
Өлшеулі тардақ демі сарқылғасын.
Атандың ардақты ана, ақылды ана,
Өмірден өткеніңе болдың пана.
Ақ көңіл, мейірімді жүрегіңмен,
Пейілің шалқып жатқан дархан дала.
Сағындық бір өзіңді орның толмай,
Қойына қара жердің сізді қимай.
Әуғаңың ерқашан жебеу жүрсін,
Анашым, топырағың торқа болғай.
Қайғы-мұң көңілдерді үдеткенмен,
Өшпейсіз менші, Ана, жарқетерден.
Ақ жүзейсің ешқашан ұмытпасыз,
Арада сағынышты жыл өткенмен.
Еске алушылары: жолдасы, балалары, немерелері, жиеңдері.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың «Ойыл» қоғамдық бірлестігі, осы бірлестіктің әдіскер маманы Ғұлайна Әбдіқадыр Қойшбайқызына бауыры **Бекжанның** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы және ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады